



Мұңдыбеков Хамитбек

1926 жылы 5 наурызда Қостанай облысы Аманкелді ауданы еңбекші ауылдық кеңесіне қарасты Қарасу ауылында дүниеге келген. Сол жердегі Жасбуын бастауыш мектебінде оқып, білім алған. 1944 жылы Шұбаркөл станциясында 3 ай әскери дайындықтан өтіп, II Украина майданында ұрысқа кіреді. 19-дивизияның 54-полкінің 120-минометшілер ротасында атқыш жауынгер болған. Одер өзенінен өтердегі қырғын соғыста бір минометтегі жеті адамнан төрт адам ғана тірі қалады. Соғыс аяқталған соң полктің солдаттары Дрезден т.б. қалаларда тәртіп орнатып, қалпына келтіруде болады. елге 1950 жылдың аяғында оралады. Чкалов колхозында жүк машинасына жүргізуші болып, 1968 жылға дейін жұмыс істейді. Кейін аудан орталығына көшіп келіп, әр түрлі мекемелерде жұмыс істеп, зейнеткерлікке шығады. Жауынгерлік «Отан соғысы» орденімен, «Ерлігі үшін», Кеңес Одағының Маршалы Г.К.Жуковтың және соғыстан кейінгі мерекелік медальдармен, қоғамдағы еңбегі еленіп, «В.И.Лениннің туғанына – 100 жыл» медалімен марапатталған. 2002 жылы қайтыс болған.

